

Халықты сауда алаңымен қамтамасыз етудің ең төменгі нормативтерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 160 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 9 сәуірде № 10647 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2025 жылғы 25 қыркүйектегі № 270-НҚ бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды – ҚР Сауда және интеграция министрінің 25.09.2025 № 270-НҚ (19.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Сауда қызметін реттеу туралы" 2004 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 7) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған халықты сауда алаңымен қамтамасыз етудің ең төменгі нормативтері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Сауда қызметін реттеу департаменті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында жариялануын;

4) жергілікті атқарушы органдарды (облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың әкімдіктері) назарына осы бұйрық туралы жеткізуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң күшіне енеді.

Министр

Е. Досаев

Халықты сауда алаңымен қамтамасыз етудің ең төменгі нормативтері

Ескерту. Нормативтер жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Сауда және интеграция министрінің 09.03.2023 № 100-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№ р/с	Өңір	1 мың адамға шаршы метр
1	Абай облысы	621
2	Ақмола облысы	706
3	Ақтөбе облысы	453
4	Алматы қаласы	545
5	Алматы облысы	220
6	Астана қаласы	722
7	Атырау облысы	745
8	Батыс Қазақстан облысы	705
9	Жамбыл облысы	445
10	Жетісу облысы	201
11	Қарағанды облысы	454
12	Қостанай облысы	762
13	Қызылорда облысы	542
14	Маңғыстау облысы	723
15	Павлодар облысы	674
16	Солтүстік Қазақстан облысы	770
17	Түркістан облысы	474
18	Ұлытау облысы	750,3
19	Шығыс Қазақстан облысы	521
20	Шымкент қаласы	474
21	Қазақстан Республикасы	621